ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2024 жылғы 25 желтоқсан №4360-24-00-2/3374 іс Қызылорда қаласы

Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында: судья Н.Б.Еламанов,
оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен, қойылған талап бойынша электронды форматтағы азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Қызылорда облысының білім басқармасының «Асыл Мирас» аутизмі (аутистік спектр бұзылыстары) бар балаларды қолдау орталығы (autism-орталығы)» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
Биржан Ерболович Агниязов дара кәсіпкері

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
1. Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану
2. Тұрақсыздық айыбын өндіру

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 267-4, 223-226-баптарын басшылыққа алып,**сот**

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы Қызылорда облысының білім басқармасының «Асыл Мирас» аутизмі (аутистік спектр бұзылыстары) бар балаларды қолдау орталығы (autism-орталығы)» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жауапкер Биржан Ерболович Агниязов дара кәсіпкерін мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап қоюы қанағаттандырылсын.

Жауапкер Биржан Ерболович Агниязов дара кәсіпкері шарт бойынша міндеттемесін орындамауына байланысты мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жауапкер Биржан Ерболович Агниязов дара кәсіпкерінен мемлекет пайдасына тұрақсыздық айыбы 12 591 (он екі мың бес жүз тоқсан бір) теңге және сот шығыны мемлекеттік баж сомасы 2 224 (екі мың екі жүз жиырма төрт) теңге өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Құжатқа қол қойылған: Еламанов Н. Б., 26.12.2024
Заңды күшіне енген күні: 05.02.2025, судья Еламанов Н. Б., 11.02.2025
4360-24-3-1/3520

Арыз, егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткен соң, ал егер арыз берілген жағдайда – сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзім ішінде Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Қызылорда облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым берілуі, прокурормен апелляциялық өтінішхат келтірілуі мүмкін.

Судья **Н.Б. Еламанов**

Құжатқа қол қойылған: Еламанов Н. Б., 26.12.2024

Заңды күшіне енген күні: 05.02.2025, судья Еламанов Н. Б., 11.02.2025

4360-24-3-1/3520